

Т.Ж. ЖУМАНОВ

## ПОСТКЕҢЕСТИК ЕЛДЕРДЕГІ ОТАН ТАРИХЫ (салыстырмалы талдау)

Кеңес империясы ыдырап, одақтас мемлекеттер тәуелсіздіктеріне жеткеннен кейін, посткеңестік елдерде саяси, өлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салаларда «жедел өзгерістер» үрдісі жүре бастады. Солардың ішінде бұрынғы одақтас елдерде марксизмнің бояуы сінген «кеңестік» тарихтың орнына бодандық бұғаудан азат, посткеңестік мемлекеттердің тәуелсіздік ұстынымдарына сөйкес және өлемдік тарих даму зандаулықтарына жақын келетін жаңа концепциялық үлгідегі отандық тарихтың жазылу мөселесі пайда болды. Аталған үрдіс ТМД елдерінде өртүрлі деңгейде жүргені белгілі. Бірақ, «жана үлгідегі» тарихтың жазылу үрдісін салыстыра келгенде жағдай мүлдем басқа көрініс табады.

Мақаланың мақсаты – еліміздегі «Қазақстан тарихы» оқулығының жазылу мөселесіне тарихи талдау жасап, қазіргі посткеңестік елдердегі Отандық тарихтың жазылуы мөселесін салыстыра отырып, оның кем-кетік жактарына назар аудару.

Көшіліктің тарихи санағына ұялаған идеалданған құбылыстар қоғамдық дамудың шұғыл бетбұрыс немесе қалыптасқан көзқарастарды қайта қараған кезеңдерде анық көрініс табады. Қазақстанда өткен ғасырдың басында Алаш қайраткерлерінің еңбегімен жазыла бастаған тарих XX ғасырдың 20-30-жылдары КСРО-да мүлдем басқа сипат алды. Сталиннің өлімінен кейін ғана жеке басқа табынушылық жойылып, тарихқа шынайы баға беру үрдісі біраз болса да қалпына келе бастайды. 1990 ж. басында КСРО ыдырап, «тәуелсіз елдердің маршынан» кейін тарихты жазуда толық еркіндік берілді. Тарихшылар арасында ортақ келісімнің болмауынан посткеңестік мемлекеттерде, соның ішінде Орталық Азия елдерінде жеке-жеке елдердің тарихы жазылып, өлемдік тарих пен аталған елдердің тарихы арасында айырмашылық пайда болды.

Қазақстанда ұлттық тарихтың жазылуына алғашқы қадамдар XX ғ. басында жасалғаны белгілі. Ұлттық білім жүйесінің негізін құрап, тіл, өдебиет, педагогика, психология және басқа пән оқулықтарын жазуға алғашқы болып А.Байтұрсынов, Ж.Аймауров, М.Әуезов, М.Жұмабаев сияқты қайраткер ғалымдар еңбек етті. Білім жүйесінде тарих пәніне аса мән беріліп, С. Асфендияров, М.Тынышпаев, Ә. Бекейхановтар

қазақ тарихы оқулықтарының жазылуына аса мән берді.

Соғыстан кейінгі жылдары жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» бойынша мамандық ашылып, алғашқы кадрлар дайындалады. Тоталитарлық жүйенің көп қыншылықтарына қарамастан оқулық жазу ісін Е. Бекмаханов қолға алып, отандық тарих концепциясының негізі қалана бастайды. Кейінрек М.П. Вяткин, С.Г. Кляшторный, В.П. Юдин сынды ғалымдар Қазақстан тарихы ғылымының дамуына зор үlestерін қости. Соның есебінен отандық тарих ғылымы жаңа сатыға көтерілді. Бірақ, мектеп оқулықтарында бұрынғы идеологиялық сарын жалғаса береді.

КСРО тарағаннан кейін бұрынғы одақтас республикалар жаңа жағдайды түсінуде, өсіреле ретроспективті талдау түркісінан біраз қыншылықтармен кездесті. Тарихшылардың бір бөлігі үлгі ретінде кеңес тарихына арқа сүйеуді жалғастыруды. Екіншілөрі оны сынай отырып, бұрынғы ұлттық езгі үшін тарихи «есесін» жібергілері келмей, кей жағдайда белгілі бір халықтарды «тандаулы» етіп көрсетуге тырысты [1,171]. Посткеңестік кеңістіктегі отарсыздану мен коммунистік идеологиядан жедел тазару барысында жеке елдердің тарихын жазуда тарихи шындықтан ауытқушылықтар болды. Себебі, тарихты зерттеуде бұрынғы біржактылықтың орнына өртүрлі көзқарастар келіп, тәуелсіздіктің күрышын қандыру үшін әр халық өзін ұлықтаумен айналысты. Осылайша, посткеңестік елдерде зерттеу жұмыстары үйлесіп жүргізіл-мегендіктен тарихи мөліметтер бұрмаланып, әр елдің жеке мұддесіне жұмсалды. Ал ұзак уақыт коммунистік идеологияның ықпалында болған кейір елдерде бұрынғы тарихтың сыртқы келбеті ғана өзгеріп, мазмұндық жағы елеулі өзгерістерге үшірай қоймады.

Тарих ғылымының даму деңгейін мектеп оқулықтарынан байқауға болады. Осы күнге дейін елімізде отандық тарих пәні бағдарламалары кем болып, мектеп оқулықтары жетіспей, соның өсерінен «Қазақстан тарихы» пәні жүйелі түрде оқытылмады. Мұндай жағдайлар пән сапасының төмендеуіне тікелей өсер етті. Ал басты қыншылық оқу құралдарының теориялық және

мазмұндық жағынан болды. Мысалы, ондай үрдісті байқау үшін алғашқы буын оқулықтарына жататын оқу күралдарын саралау арқылы көрге болады. [2,58]. Сол тәрізді оқулықтарда Монгол кезеңі, Қазақстанның Ресейге қосылуы сияқты құрделі тарихи оқиғаларға объективті бағасы берілмей, мағыналық жағы аз өзгеріске ұшырады. Яғни, бұрынғы идеологиялық сарқыншақтарға жол берілген. Жалпы алғанда тарих оқулықтарының мазмұнында фактологиялық деректер басымырақ келеді. Отандық тарихтың осындай негізде жазылуы сол кездегі барлық дерлік оқулықтарда сипат алған. Қазіргі кезде елімізде бұл мәселе ғалымдар мен мамандар жағынан және қоғамда да жиі көтеріліп тұрады. Осындай мәліметтерден қазіргі Қазақстан тарихы оқулықтары әлі де жетілу керек деген ой түүгө болады.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінен бастап М. Қозыбаев, Ж. Қасымбаев сының ғалымдар Қазақстан тарихы мектеп оқулықтарын жазып, отандық тарих ғылыминың жана концепциясын жазуға талпыныс жасады. Барлық посткенестік елдер тәрізді Қазақстанда да көп жағдайда тек қазақ жеріндегі көтерілістер мен ашаршылық тақырыптарында зерттеулер жүргізілді. Ал қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына аз көніл болінді. Теория-методологиялық мәселелер қалыс тұрды. Қазақстан әлемдік дамудың көшіне кешірек қосылуының себебінен тарихнамалық ғылыминың мектебі қалыптасып үлгерmedі. Бұл өз кезегінде тарихшылардың зерттеу ауқымын тарылтты [3,45].

Қазақстанда оқулық жазу ісі енді дамып келеді. Осы күнге дейін Ресейдің оқулықтары казак тіліне аударылып келген болатын [4]. 1996 ж. 26 қыркүйегінде отандық стандарттар, оқулықтар мен ОӘК дайындау жөнінде Мемлекеттік бағдарлама (№1173) қабылданды. 1997–2000 жж. бастауыш мектеп оқулықтары, 2001 жылдан бастап тәжірибе ретінде орталau мектеп оқулықтары, ал 2001–2002 жж. жоғарғы сынып окушыларына арналған оқу күралдары жазыла бастайды.

ХХ ғасырдың 90 ж. КСРО-ның саяси-экономикалық жүйесі дағдарыска түсті. 1991 жылы тәуелсіздіктеріне жеткен ТМД елдерінде кенестік білім жүйесі де дәрменсіз болып, дамудың жана жолдарын қарастырды. Осы кезден бастап, бұрын бір мақсатта жазылған тарих енді бірнешеге болінді. Белгілі бір ортақ ұстанымның жоқтығынан Орталық Азия, Кавказ, Балтық жағалауы елдері және Ресей болып, Евразия кеністігіндегі тарихи үрдістерге өздерінше баға береді. Әрине,

бұл марксистік-лениндік тарихтың құрсауынан шығу амалдарының бірі болғанымен, посткенестік елдерде тарихи шындық толығымен жазылмады. Бодандыктan босаған елдер қолданына тиғен тарихты өз беттерінше пайдаланды. Соңғы ғасырда біртұтас Орталық Азия елдерінің тарихы этникалық және саяси-мемлекеттік белгілері бойынша бөлініп, тарихтың объективтілік зандылығы сакталмай қазақтар тарихы, өзбектер тарихы, қырғыздар тарихы оқулықтары жазылып келген [5, 11]. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл үрдіс басқа сипат алғып кетеді. Ортақ тарихи-мәдени кенестік одан ары алшактай түсіп, тарихи факті мен объективті шындыққа қарамастан Орталық Азия елдері өздерінің шығу тегін ежелдендіріп, әр елдің «жеке» тарихы анызыдық сипат алады. Нәтижесінде ортақ тарих пен мәдениет бірнеше жақтан жазылып, тарих ғылыминың көптеген түсініксіз жағдайларға өкеледі. Мұндай үрдіс қазіргі кезде Орталық Азия аймағында және бүкіл посткенестік елдерде байқалады.

Өзбекстандық тарихшы Э.В. Ртвеладзенің айтуынша, Орталық Азия елдерінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін коммунистік идеологиядан «тазарған», тарихи үрдіске жаңаша қарайтын әдістер келуі тиіс еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмады. «На смену, хотя заидеологизированному, но в значительной степени научно обоснованному методу пришли новые подходы к истории, в которых подлинно научные методы исторических исследований были попросту отброшены в сторону, как не нужные. Преобладающее место занял метод вольного обращения с историческими фактами» [6, 314]. Сонымен қатар, мұндай жағдай солтүстік көршімізде де байқалады. Соңғы жылдары Ресейде тарих оқулықтарында әртүрлі идеологиялық бағыттардың анықталып жатқаны баспасөз беттерінде жиі талқыланып жүр. Осы мәселеге қатысты Ресей ғылым академиясының Жалпы тарих институтының директоры Александр Чубарьян ТМД елдерінде тарихтан ортақ оқулық жазылуы керек деген пікір білдіреді [7]. Осындай мысалдардан посткенестік елдерде тарихты саясиландыру үрдісі әлі де сакталып отырғанын көреміз. Бұл үрдіс өз кезегінде шынайы тарихты жазу барысын қындағып, посткенестік елдердің тарихы әлемдік тарихтың даму деңгейінен біршама алшактап кеткенін көрсетеді.

Кезкелген елде үлттық деңгейдегі білім мен тәрбиені іске асыру мектептен басталатыны белгілі. Қазақстан Республикасының Конститу-

циясында және басқа да зандарында азаматтардың білім алу құқығы белгіленген. Соның ішінде «Білім туралы» Заңының З-бабында білім саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымы анықталған. Аталған заның 8-бабында: «білім жүйесінің міндеттіне ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар ғылым мен практикаға жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және көсіби шындауға бағытталған білім алу үшін жағдай жасау», – делінген. Сонымен қатар, қазақ қоғамының және Қазақстанда тұратын басқа халықтардың тарихын, салт-дәстүрін оқып-білу, мемлекеттік және шеттілдерді менгеру кіреді [8]. Ал 2003 жылы «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасында 12 жылдық мектепте Отандық және дүниежүзілік тарихты оқып-ұйренуге байланысты тұжырымдамалық өзгерістерді көрсететін тарихи білімнің мазмұны анықталған. Ол тарихты оқытудың отандық және әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, ізгілендіруге, ұлттық сананы жандандыруға және жас үрпакты тәрбиелудің адамгершілік-этикалық нормаларын бекітеді [9, 4]. Қазіргі кезең тарихты оқытуға көзқарасты өзгертумен сипатталады. Бұл өзгерістердің басты бағыттарының бірі: отандық тарихты әлемдік даму контекстінде оқыту; ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру; үздіксіз білім беру жүйесіндегі тарих пәннің білімдік, танымдық және тәрбиелік рөлін күштейту.

Қазіргі кезде тарихты таптық, тұлғалық емес, әлемдік тарихпен байланысты өркениеттік түрғыда түсіну басым бағыт алған. Сондықтан отандық тарихтың алдындағы мақсаты – әлемдік тарих шенберінде тарихқа өділ баға беру. Сол үшін «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасы аясында 12 жылдық мектептің тарих пәннің бағдарламасы жалпы тарих хронологиясымен сәйкестендіру көзделген. Мысалы, Қазақстан тарихының жана заман кезеңінің хронологиясы 16 ғасыр мен 1918 жыл аралығын қамтиды. Кезеңнің 1918 жылмен аяқталғаны дұрыс-ақ. 1-ші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы біраз елдердің тарихына әсерін тигізгені белгілі. Ал Қазақстан тарихының жана заман кезеңінің 16 ғасырдан басталуы дәстүрлі қазақ қоғамының индустріалды өркениетке өтүйнің алғышарты деп қарастырылады. Бұл жерде қазақ қоғамының даму кезеңін де ескерген жөн.

Осы Ресей, Өзбекстан, Қазақстан елдеріндегі тарихтың қазіргі жазылу жағдайын қарағанда идеологиядан азат, әлемдік тарихпен үйлескен

шынайы тарих жазу мәселесі бірінші кезектегі шаруа. Қазіргі кезде жаңа тарихи ойлауды қалыптастыруды тарих ғылымының алдында үлкен белес тұр.

Корыта келгенде мынандай ойлар айтуға болады:

1. ТМД-ның, соның ішінде Орталық Азия елдері бір тарихи-мәдени аймақ бола тұра, әлемдік тарих пен посткенестік елдердің отандық тарихы арасында алшақтық байқалады.

2. Посткенестік елдерде отандық тарихты жазуда ортақ келісімнің болмауынан, тарихи мәліметтер ретсіз айналымға тұсті.

3. Белгілі бір ортақ келісімнің жоқтығынан тарихи мәліметтер бұрмаланып, өр елдің жеке мұдделеріне пайдаланылды.

4. Кенестік кезеңден кейін тарихтың белгілі бір кезеңдері ғана зерттеліп, ал жалпы «Кенестік» тарихқа тиісті тарихи баға берілмеді.

5. Отандық тарих ғылымы посткенестік елдерде өзіндік даму жолына ие болған жок.

6. Елімізде Қазақстан тарихы окулығын жетілдіру мәселесі өлі де өзекті мәселелердің бірі саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ровшан Абдуллаев. Историческое сознание и современная историческая наука Узбекистана // Материалы конференции «История и самосознание: Узбекистан и Германия». Ташкент, Январь - 2007 г

2. Тұрлығұлов Т. Қазақ елінің қысқаша тарихы. 5-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: Рауан, 1995. 256 б.

3. Ирмуханов Б.Б. О научной преемственности // К новым стандартам в развитии общественных наук в Центральной Азии. Материалы международной научной конференции 2005 год.

4. Научно-методические основы мониторинга качества школьных учебников и УМК. Промежуточный отчет / Казахская академия образования имени Ы. Алтынсарина МОН РК, Алматы, 2003.

5. Абусеитова М.Х. История Центральной Азии: концепции, методология и новые подходы // К новым стандартам в развитии общественных наук в Центральной Азии. Материалы международной научной конференции Алматы 2005.

6. Ртвеладзе Э.В. О некоторых аспектах новейших исследований истории Центральной Азии // Материалы конференции История и самосознание: опыт Узбекистана и Германии. Ташкент, 2005 г.

7. Еженедельная информационно-аналитическая рассыпка «Сом. История. Обществознание». Выпуск от 1 декабря 2003 года // <http://som.fio.ru>

8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 1999 ж. 7 маусым

9. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы. 2006. Наурыз. №3. 3-10 бб.

**Резюме**

В данной статье автор рассматривает проблемы написания Отечественной истории в постсоветском пространстве на примере учебниках истории Узбекистана, России и Казахстана.

Как известно, после распада Советского Союза в странах СНГ происходит процесс деидеологизации Отечественной истории, и на первый план выходит написания объективной истории, которая должна была бы соответствовать суверенитету государства и закономерностям развития мировой истории.

В 1990 гг. постсоветском пространстве среди историков появляются две группы. Первая, основываясь на советскую историческую науку, продолжали писать, внося корректировки и поправки в прежнюю историю, а вторая отвергая прежнюю науку, требовали кардинальных перемен в исторической науке.

В начале 20 века ученые С.Асфендияров, М.Тынышпавев, Э.Букейханов придавая огромное значение истории, старались написать учебники национальной истории. В Советский период ученые Е.Бекмаханов, М.П. Вяткин, С.Г. Кляшторный, В.П. Юдин вкладывали огромный труд в развитие Отечественной науки. В период независимости М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев пытались написать концептуальную историю независимого Казахстана.

Анализируя процесс написания Отечественной науки в Узбекистане, России и Казахстана, автор приходит к следующему заключению:

1. Из-за отсутствия общей концепции происходит вольное обращение с историческими фактами.

2. В ходе написания «новой истории» наблюдается не соответствие истории некоторых регионов с историей отдельного государства находящиеся в том регионе.

3. Искажение и использование исторических фактов в интересах отдельных государств в освещении Отечественной истории.

4. Отечественная история в постсоветских государствах свою историческую оценку до сих пор не получила. Проводились исследования лишь частично.

5. Проблемы написания Отечественной истории в Казахстане требует дальнейшего изучения.

**Summary**

In given article the author considers problems of a writing of History in the Post-Soviet territory on an example textbooks of National history of Uzbekistan, Russia and Kazakhstan.

As is known, after disintegration of Soviet Union in the CIS countries there is a process deideologize National history. In such conditions on the foreground leaves a spelling of objective history which should correspond to the sovereignty of the state and laws of development of World history.

In the Post-Soviet territory 1990 among historians appear two groups. The First, being based on the Soviet historical science, continued to write, bringing corrective amendments and amendments in former history, and the second rejecting former the Soviet science, demanded cardinal changes in a historical science.

In the Beginning of 20 centuries scientists S.Asfendiarov, M.Tunushpayev, A.Bukeikhanov attaching huge significance of history, tried to write textbooks of National history. During the Soviet period scientists E.B.Bekmahanov, M.P.Vyatkin, S.G. Klyashtornui, V.P.Yudin put huge work in development of the National science. During the Period of Independence M.K. Kozubayev, J.K.Kasumbayev tried to write conceptual history of independent Kazakhstan.

Analyzing process of a writing of the National science in Uzbekistan, Russia and Kazakhstan, the author comes to the next conclusion:

1. From for absence of the general concept there is a free reference to historic facts.

2. During a «modern history» writing conformity of History of some regions with history separate the state being in that region is observed not.

3. Distortion and use of historic facts in interests of the separate states according to National history.

4. The National history in the Post-Soviet states has not received till now the historical estimation. Researches only partially were carried out.

5. A problem of a writing of National history in Kazakhstan demands the further studying.